



Жануарлар жиналды...



Дарынды және талантты балаларды оқыту



*“Еліміздің болашағы –
бүгінгі жас ұрпақтың
қолында, жас ұрпақтың
болашағы – бүгінгі
ұстаздың қолында”.*
Н.Ә.Назарбаев.



Мақсаты

Жан-жақты, білімді, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, дені сау, барынша қабілетті жанды қалыптастыру. Бала дарынының ашылуын өз қабілетіне сәйкестендіре дамыту, жетілдіру Дарынды балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру.

Міндеттері

- Оқушылардың ақыл- ой қабілеттерін жетілдіру.
- Шәкірттердің шығармашылық, жеке дарындылығын дамыту
- Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету




1 ñëîâî óàèâàâð ìâ÷òó.mp4

«Дарынды және талантты оқушылардың ерекшеліктері»

Топтық жұмыс. Дарынды және талантты балаға қатысты сөздерді теріп, сызба түрінде көрсету.

- зияттың немесе қабілеттің жоғары деңгейі
- музыка, түрлі қолөнер, би немесе спорт және т.б. салалардағы жоғары деңгеймен байланыстырылады
- Интеллектуалдық
- Шығармашылық
- Көркем-орындаушылығы
- Академиялық
- Психомоторлы
- Лидерлік
- Енжарлық
- Бюрократтық көзқарас
- Салғырттық
- Алаңғасарлық
- Дарынды және талантты деген тақырып бір ұғымды
- Дарынды және талантты деген тақырып екі түрлі ұғым
- Логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған.
- Жеке жетістіктердің жоғары стандарттарына ұмтылады.
- Қоғамдық жағдайларда бастаманы өзіне алады
- Ерекше идеяларды табады.
- Өктем өтініштерге сенбей қарайды

Дарындылықтың көрсеткіштері





Дарындылық бұл - зияттың немесе қабілеттің жоғары деңгейі Дарындылық - зияткерлікке, шығармашылыққа, әлеуметтік, аффектік т.б. жатады.

Талант- музыка, түрлі қолөнер, би немесе спорт және т.б.

салалардағы жоғары деңгеймен байланыстырылады. Түрлі саладағы айтулы жетістіктер: ғылыми, техникалық, көркем, жеке тұлғалық, спорттық және т.б. болып табылады.

Дарынды және талантты оқушылардың қалай оқитынының сипаттамасы:

- Логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған.
- Заңдылық пен өзара байланысты тез орнатады.
- Ақпараттарды шұғыл өңдейді.
- Проблемаларды нақты және дұрыс шешуге ұмтылады.
- Түйінді қағидаттарды жеңіл игереді.
- Зияткерлік тапсырмаларды ұнатады.
- Оқудың жекелеген кезеңдерін аттап өтеді.
- Проблемаларды қайта қарауға ұмтылады, идеялар ұсынып, болжамдар жасайды.
- Проблемаларды анықтайды және шешеді.
- Барлығына талдау жасайды.
- Идеяларды әзірлейді және дәлелдермен айғақтайды.
- Кең ауқымды білімді пайдалана алады.
- Пікірлер айтуда тәуелсіз және «неге» және «қалай»

деген сұрақтар қойып, жаңалықтар ашуға ұмтылады.

Ынталанбыру сипаттамасы:

- Жеке жетістіктердің жоғары стандарттарына ұмтылады.
- Дербес.
- Мақсатқа ұмтылады және жеке мақсаттарды белгілейді.
- Міндеттерді шешуде дәйекті.
- Табанды және үдерістермен бар ынтасымен шұғылданады.
- Өзін-өзі сынауға және бағалауға бейім.
- Сенімді.
- Өз бетімен жұмыс істегенді жақсы көреді.

Макэлпайн мен Рид дарынды және талантты оқушылардың мінез- құлықтарының пайдалы тізімін жасап ұсынған

Қоғамдық көшбасшылық сипаттамасы:

- Қоғамдық жағдайларда бастаманы өзіне алады.
- Құрбы-құрдастары құрметтейді.
- Басқалармен жылдам тіл табысады.
- Қоғамдық жағдайларда көшбасшылық орната алады.
- Мақсатқа жету үшін топты жігерлендіру қабілетін көрсетеді.
- Топты идеялар мен әдістерді қабылдауға иландырады.
- Өзіне сенімді.
- Жаңа жағдайларға тез төселеді.
- Спорттық іс-шараларда белсенді көшбасшылықты іздейді.
- Өлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан.
- Өзіне жауапкершілік алуға дайын.
- Іс-қимыл жоспарын әзірлеу үшін топ мүшелерінің идеясын қорытады.

Креативті ойлаудың сипаттамасы:

- Ерекше идеяларды табады.
- Зияткерлік пайымдауы мен қиялы дамыған.
- Ерекше мәтіндер құрайды, жаңалық ойлап шығарады.
- Өзілшіл.
- Ерекше түсінік қалыптастырады.
- Эстетикалық қасиеттерді түсінетінін көрсете біледі.
- Болашақты ойлағанды жақсы көреді.
- Басқа біреу сияқты болуға қорықпайды.
- Көптеген идеяларды ойлап шығарады.
- Жаңа идеяларға сынақ жүргізуге және қателесуге тәуекел етуге дайын.
- Ерекше нәрселерді іздейді.

Табандылық сипаттамасы:

- Өктем өтініштерге сенбей қарайды.
- Өткінші шешімдерге күмән келтіреді.
- Мұғалімдер мен ересектерді түсініктеме беруге жетелейді.
- «Ересектер» проблемаларына қызығушылық танытады.
- Игерілген дағдыларды қолдана бергенді жақтырмайды.
- Күнделікті жаттанды тапсырмалардан тез шаршайды.
- Жоғары сынып оқушыларымен, ересектермен тіл табысады; олардың ортасында жиі болуға тырысады.
- Тиянақты, нақты сұрақтар қояды.

Оқушы образдары

1 оқушы

Серік қызығушылығы өте жоғары бала. Бір жұмыс түрінен екінші жұмыс түріне оңайлықпен ауыса салады. Ойлау үрдісінің жылдамдығынан ол кейде бір ойды екінші ойға тез өзгертеді, сол себепті өз ойын әдемі және тиянақты жеткізе алмай қалады. Айналасындағылар оның жылдам ойлайтындығын кішкентайынан байқаған, өйткені ол еш қиындықсыз дұрыс шешімдер қабылдайтын, ойын қорытындылайтын, мәліметтерді сараптайтын. Серік кішкентайынан бірыңғай және қызықсыз ойындарға зейінін көп тоқтата алмайтын, сондықтан ол мектепте де тез жалығатын.

3 оқушы

Айнұр кішкентай кезден құр қол отыруды ұнатпайтын. Барлық жерге кіріспей тынбайтын. Сол себепті оның көңілін ұзақ уақытқа басқа заттармен айналдыру үшін, ұсақ шаруалармен, жұмбақтармен назарын аулауға болатын еді. Айнұр ешқашан біреудің айтқанын сол күйінде орындамайтын, бұл қылығы ата-анасын таң қалдыратын. Егер Айнұрға саз балшықтан кірпіні жаса десе, ең жақсы дегенде, үлкен жәшікте отырған кішкентай кірпі немесе үлкен пілдің арқасында отырған кірпі жасайтын. Ата-анасының және сынып жетекшісінің қыздың бұл қылығымен күресуіне қарамастан Айнұр барлық ережелерді әдейі бұзып, өзінің қалағанын жасап, жиі қарсыласатын. Кейде жасауға мүмкін емес ойларды айтатын. Мұғалімдердің, ата-анасының ойларына мойынсұнбайды. Баланы тыңдата алатын адам жоқ секілді көрінетін.

4 оқушы

Қайрат кішкентай кезінен «гипербелсенді» мәртебесіне ие бала. Әрдайым орынынан табылу оған тән емес. Қайрат жеңіске жетуді жақсы көретін, ал жай ғана жарысқа қатысушы ретінде болу ол үшін аздық ететін. Сынып жетекшісінің байқауы бойынша, жарысатын жаттығулар орындауда, уақытқа арналған жаттығуларда Қайраттың жұмысының нәтижелігі тез арада артып, көзге анық байқалатын. Оның өз эмоциясын басқару қиындығы қарым-қатынасқа түсуге басты кедергі болды. Қайраттың адреналиннің қандағы мөлшері артатын іс-әрекеттермен айналысуды жақсы көретіні анық байқалатын. Жиі қауіпті ойындардың, төбелестердің бастаушысы болатын.

2 оқушы

Әсел бала кезден жануарларды жақсы көретін. Олардың аттарын, мекендейтін жерін, қылықтарын, ерекшеліктерін білетін. Әсел өте ұқыпты және талапты оқушы, сондықтан үздік оқыды. Ескертулерге тез үн қататын және барлық күшімен үлкендердің сенімін ақтағысы келетін. Бастауыш сыныпта оның ең жақсы көретін пәні табиғаттану болды. Мектеп қабырғасында алған білімін жануарларға қызығушылығымен байланыстыруға тырысты. Мысалы, желдің соғу бағытын анықтау арқылы, Әсел келесі шешімге келді – егер есік алдындағы иттің үйшігін бұратын болсақ, оған желдің тура соқпайтынын және Ақтабан есімді итке суық болмайтынын анықтады. Жоғарғы сыныпқа барғанда Әселдің сүйіп оқитын пәндері – биология және география болғаны күмән тудырмайды.

Дарындылықтың классификациясы

Интеллектуалдық

Жоғары қызығушылық, ақылдылық және ойлау қабілетінің ұшқырлығы

Академиялық

пәнге қызығушылық, терминологияны меңгеру, жүктеу мен жүйелеуге қабілеттілік

Шығармашылық

Ойлау және орындауды өз ойынша жасауға ұмтылу, мәртебелерге баяулатқан ықылас, тапқырлық

Психомоторлы

Қимыл-қозғалыстағы белсендік, бәсекелестік, қимыл-қозғалысының үйлесімділігі

Көркем-орындаушылығы

Көркемөнерге қызығушылық, өзін көрсете білудегі қайталанбайтындық. Көріп қабылдайды

Лидерлік

Басшылыққа қабілеттілік, қарым-қатынасқа жеңілділік, әрекеттік, ықпал ету



Интеллекталды дарынды балалармен жұмыс жасау міндеттері:

Бала өзінің басқа адамдарға қажеттілігін сезінуі керек. Құрдастарымен және үлкен адамдармен конструктивті қарым-қатынас жасауды үйрету.

Зияткерлік жүктемені көтеру: қызықты фактілер келтіру, жеке тапсырмалар беру, тапсырмаларды орындауда таңдау мүмкіндігін ұсыну, кіріктірілген тапсырмалар жасау. Тапсырмалар оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамыту керек.

Қоршаған адамдардың баланың қабілетін мойындауы оған жетістік әкеледі. Жетістікке қол жеткізу жағдайын туғызу – дарындылықты дамытудың негізгі шарты болып табылады.

Үәждендіру: құрмет тақтасына суретін орналастыру, оқушы портфолиосын жүргізу, интеллектуалдық кездесулерді, брейн-ринг, сайыстарды ұйымдастырып, өзін-өзі реттеуге үйрету

Әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Дамыту жұмыстарын жүргізер алдында балада күйзелістің жоқтығына көз жеткізу.



Академиялық дарындылықты көрсеткен балалармен жұмыс жасау

Баланың өз бетімен жұмыс жасауға жағдай туғызу

Сыныптан тыс жұмыстарға қатыстыру.

Оқудағы жетістіктерін бағалау

Баланың қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру

Шығармашылықпен жұмысты талап ететін тапсырмаларды арнайы ұсыну

Өзін-өзі реттеу және қиындықтарды жеңе білу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлу.

Бастама жасау қабілетін, өзіндік көзқарасын білдіруін мадақтау

Оқушының коммуникативтік мүмкіншіліктерін дамыту

Практикалық тапсырмаларды көбірек ұсыныңыздар

Сынамаңыздар!



Психомоторлы дарындылықты көрсеткен балалармен жұмыс жүргізу міндеттері

Ата-аналармен бірігіп сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру (спорт секциялар, клубтар).
Оқушының бұл дарындылығын дене шынықтыру мұғалімімен бірігіп жаттықтыру, жарыстар, ойындар арқылы дамыту.

Сабақ барысына жарыс элементтерін енгізу.

Баланы тәртіптілікке үйрету. Бұл кезде: секциялардағы сабақтар, жеке үлгі, психологиялық өзін-өзі реттеу, «Өмір кітабі» күнделігін жүргізу (эмоция кестесі) көмек бере алады. Мұндай өзін-өзі бақылау жақсы нәтижелерге жеткізеді.

Ұжымдық іс-әрекет сәттерін жиірек ұйымдастыру, коммуникативтік дағдыларды дамытып, конфликттік жағдайларды дұрыс жолмен шешуді үйрету.



Шығармашылық дарындылықты көрсеткен балалармен жұмыс жүргізу міндеттері

Оқушының еркіндікке деген талпынысымен санасыңыз. Үй тапсырмасын орындауға, жоба тақырыбын таңдауға мүмкіндік беріңіз

Оқушылардың тек қана құрметтейтін ұстаздары болатынын естен шығармаңыз

Дарынды балалармен қарым-қатынасты талап пен ережеге құруға тырыспаңыз. Өз лексиконыңыздан «сен міндеттісің, тиіссің» деген сөздерді мүлдем алып астаңыз. Ол оқушыға мұндай сөздердің ұнамайтындығын ескеріңіз.

Қажетті және пайдалы кеңестерге бағыттаңыз. Интеллектілік қабілетін дамытып отырыңыз

Сабақ барысында міндетті түрде шығармашылық немесе жай ғана қызықты, логикалық ойлауға бағытталған тапсырмаларды орындатыңыз

Әрбір оқушының шығармашылық бастауын қолдаңыз және олар дайындаған қалыптан тыс жұмыс түрлерін сабақта қолдануды дағдыға айналдырыңыз

Баға мен мадақтаудан гөрі ішкі мотивация арқылы да сапалы білім беруге болатындығын естеріңізге сақтаңыз



Көркем орындаушылық дарындылықты көрсеткен балалармен жұмыс жүргізу міндеттері

Ескертпелер мен бірден сынаудан аулақ болыңыз

Сабақты жоспарлауда және сабақ барысында сіздің алдыңызда болашақ тұлға отырғанын есте ұстаңыз. Олар үшін «мың рет естігенше бір рет көрген артық»

Оқушының танымдық белсенділігін арттыру мақсатында қызықты фактілерді, интегративті тапсырмаларды, жекеленген тапсымаларды, таңдау бойынша тапсырмаларды пайдаланыңыз

Көбіне дарынды бала өзін көшбасшы сезінетіндей жұмыс түрлерін ұйымдастырыңыз

Ауылдағы, қаладағы дарынды тұлғалармен кездесу ұйымдастырып, балалардың қарым- қатынасын дамытыңыз

Сыни тұрғыдан ойлануға байланысты тренингтер, кездесулер, кештер, өнер тақырыбындағы көрмелер ұйымдастырып отырыңыз



Лидерлік дарындылықты көрсеткен балалармен жұмыс жүргізу міндеттері


Оқушы бойында өзіндік саналы бағалауды қалыптастыруға талпыныңыз

«Теңбе- тең», «Көшбасшылық мектебі» сияқты тренингтерге қатыстыруға тырысыңыз

Дарынды балаларды мектептегі және сыныптағы өзін- өзі басқару жұмысына тартыңыз

Өзін-өзі бақылау және стресті жеңуге бағытталған түрлі әдіс- тәсілдерді оқып- үйретуге тырысыңыз

Ұжымдық оқыту түрлерін ұйымдастырып отырыңыз, дарынды оқушылар өзгелерді де қызығушылықпен үйретеді!



Жұмыс жоспары мынадай жүйелеу кезеңдеріне бөлінеді

*Бірінші кезең.
Ерекше қабілетті
оқушыларды
анықтау*

*Екінші кезең.
Оқушы
қабілеттілігінің
бағытын
анықтау*


*Үшінші кезең.
Ой өрісін дамыта
түсу үшін
жұмыс жүйесін
құру*

*Төртінші кезең.
Дарынды
оқушылармен
жекелеген
жұмыстар
жүргізу*

Дарынды оқушылармен жұмыс барысында қолданылып жүрген психологиялық әдістемелер

- “Дарындылық картасы” әдістемесі (Савенков)
- Джонс креативтілігі сұрақнамасы
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің диагностикасы
- Оқу мотивін анықтау сұрақнамасы
- Баланың профильдік қызығушылығын анықтау әдістемесі
- Жалпы дарындылықты анықтау әдістемесі (ата аналарға сауалнама)
- Кім неге бейім? әдістемесі

Дарындылықты дамыту жолдары



Бастауыш сыныптар бірлестігіндегі дарынды балалармен жұмыс жоспары

<i>№</i>	<i>Жұмыстың мазмұны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауапты</i>
1	Әрбір сыныптағы дарынды балаларды анықтау	қыркүйек	Бірл.жет., Сын жет.
2	Бастауыш сыныптағы оқушылардың ерекше қасиеттерін іріктеу	Қазан	Бірл.жет. Сынып жет.
3	Дарынды балалардың бейініне қарай шығармашылық ізденіс жұмысына тарту	Қазан	Бірл.жет. Психолог. Пән мұғ.
4	Оқушылардың ойын жүйелі жеткізуге үйрету	Үнемі	Пән мұғ.
5	Дарынды балаларды бейініне қарай пәндік олимпиадаға дайындау	Жыл бойы	Бірл.жет. Пән мұғ.
6	Дарынды балаларды мектепшілік аймақтық, қалалық, облыстық пән олимпиадасына қатыстыру	Жыл бойы	Бірл.жет. Пән мұғ.
7	Өз қабілеттеріне қарай үйірмелерді таңдай білу	Қараша	Пән мұғ.
8	Шығармашылық ұжымдық іс-шарада басты пәндерге қатыстыру	Үнемі	Пән мұғ. Сынып жет.
9	Түрлі байқаулар, фестивальдарға, спорттық жарыстарға қатысуға ықпал жасау	Қаңтар	Бірл.жет. Сынып жет.
10	Дарынды балаларды баспасөз беттерінде жарық көрген материалдар мен таныстырып отыру	Үнемі	Бірл.жет. Сынып жет.
11	Оқушы нәтижесін баспасөз беттеріне жарыққа шығару.	Жыл бойы	Бірл.жет. Сынып жет.



**Күтілетін
нәтиже**

**“Болашақ”
бағдарламасын
қолдап
шетелдермен
тәжірибе алмасу**

**Шапшаң ойлау,
тез нәтижеге
жету, тез
ілгерлеу**

**Мектептен ғана
шектелмей,
жоғары оқу
орындарымен
байланыс жасау;**

**Келешектегі
кәсіби мамандық
таңдауда өздері
шешім
қабылдайды.**

Рефлексиялық эссе

- Алдымен біз былай ойладық ...
- Одан кейін біз мына проблемаға жолықтық ...
- Проблеманы шешу үшін біз ... жасадық
- Бұдан біз ... көрдік
- Демек, бұл мынаны білдіреді...
- Сонымен біз ... деген шешімге келдік



Назарларыңызға рахмет!